

НҲРМАҒАМБЕТОВ



УМТ



# ҮМІТ

Өлеңдер

---

Алматы  
ҚАЗАқпарат  
2013

**Н 16 НҰРМАҒАМБЕТОВ Өтеген.**  
**ҮМІТ: өлеңдер. – Алматы: ҚАЗАқпарат,**  
**2013. – 90 бет.**

**ISBN 102-679-01-0203-8**

**Өтеген Нұрмағамбетовтың өлеңдері жайлы қазақтың белгілі ақыны Мұхтар Шаханов жылы лебіз білдірген болатын. Ақынның бұл жинағына адам, өмір, қоғам, достық, махаббат туралы туындылары еніп отыр. Көзбен көргенін жүректен өткізіп барып үлкен толғаныспен, терең тебіреніспен жырлайды. Шымыр ұйқастары, әдемі тенеулері бірден көзге ұрады.**

**УДК 280**  
**ББК 67.02**

**ISBN 102-679-01-0203-8 © «ҚАЗАқпарат», 2013**



...Поэзия өлкесіне өз отауын тігуге талпынған Өтеген Нұрмағамбетовтың жырларында балаңдық бой көрсетсе де, оның ұлттық мүддеге деген құштарлығына тәнті болғандықтан осы жолдарды жазып отырмын. Поэзиядағы шындық жолы, іздену, шеберлікке талпыну жолы – қиынның қиыны. Осы сапарда жұлдызың рух пен парасат биігінде жарқырағай.

*Мұхтар Шаханов.*



...Өтеген Нұрмағамбетовтың ұлттық болмысы, дүниетанымы мен азаматтық ұстанымы әр өлеңнің тасасынан бой көрсетіп тұрғандай әсер береді. Кәдімгі адамдардың бәріне тән ыстық ынтызарлық пен махаббат, ата-анаға, туған жерге деген сағынышын өрнекті өлең шумақтарымен ұтымды жеткізе білген.

*«Қазақ әдебиеті» газеті.*



Жақсы жыр – жан азығы. «Ақындық міндет емес, азамат болу – парызың» деп бекерден-бекер айтылмайды. Біз мына өлең кітапты оқи отырып, Өтегенге шығармашылық жауапкершілік салмағын еш естен шығаруға болмайтындығын, алға өрлеген сапын қойылатын талаптын арта беретіндігін сезінсе деп тілейміз.

*«Ана тілі» газеті.*

## АУЫЛДА ЖҮРМІН

Амансыңдар ма, әкеммен жолдас  
болғандар?!  
Сау жүрсіңдер ме, шешеммен мұңдас  
болғандар?!  
Еліме келдім сендерді көріп қайтуға, –  
Ауыз толтырып сәлем бердік, – деп айтуға.

Халдерің қалай, ауыл-ел тегіс аман ба?  
Тыныштық керек тоқтаусыз мынау  
ғаламға.  
Өзгеріп кеткен, таулар да шөгіп қалыпты,  
Қимайды көзім төмпешік болған алыпты.

Сендерді көріп тағы бір жасап қаламын,  
Ұмытып бәрін жүгірген бейне баламын.  
Таяғын сүйреп қарт адам кетіп барады,  
Таныды ма екен?! Үңіліп маған қарады.

– Армысың бабам! Баласымын ғой  
досыңның...  
Шырамытып жатыр, сұрақтар жауды  
сосын мың.  
– Бармысың балам? Шешең қалды ғой  
осында,  
Әкең аман ба? Тосқауыл болар тосынға.

– Әкем де қайтқан. Жасаурап кетті  
көздерім.  
Бірақ жыламаймын. Тірегімсіңдер өздерің.  
Әкем өлсе де әкемді көрген сендер бар,  
Ақылшыларым, таусылмас қазына кендер  
бар.

---

Тартылған көлдер. Өзендер қайда  
шулаған?

Үйрек-қаз ұшып, төсінде сазан тулаған.  
Бәріміз кетіп, сулар да солып қалғандай,  
Жол жаққа қарап жанары оның талғандай.

Ауылда жүрмін өткеннің іздеп елесін.  
Күрсінтер бәрі, несіне айта бересің.  
Зымырап уақыт, самайды қырау шалады,  
...Қырлардан асып қызыл күн батып  
барады.



---

## ТОЛҒАУ

Мұртымыз өрге шаншылып,  
Өзектеп бетке қан шығып.  
Ұмытып кейде сөйлейміз,  
Кетерін бір күн жан шығып.

Жасаурап жанар талады.  
Самайды қырау шалады.  
Қонақпыз жалған дүниеге,  
Қоштасын бір күн қалады.

Сарқылар сыңғыр бұлақ та.  
Шаң болар көркем құрақ та.  
Шарасыздықтың салдары,  
Алғаным кейде жылап та.

Қорқамын жалған күлгеннен.  
Бәленің бәрін білгеннен.  
Ұйқысыз атқан таңдарым,  
Артықсың ойсыз жүргеннен.

Асырған жаман айласын.  
Жан-жағың қуған пайдасын.  
Жалтақтай жүріп шаршадым,  
Жанашыр жандар қайдасың?

Жиналып жаман қосыла,  
Жабылып жатса досыңа.  
Сырт жағын беріп кеткендер,  
Түсінбей қалам осыңа.

Жүргендер жылап жабығып.  
Жалаулы күнін сағынып.  
Жабуың болғым келеді,  
Жаныңнан әр кез табылып.



---

Қаумалап ойлар сан қилы.  
Еңсемді езіп жаншиды.  
Жазылмай жатқан жырлардан.  
Жүрегім тағы шаншиды.



---

## ЕЛЕС

Көз ұшында қалып қойды бір арман.  
Тағы да жол. Не күтіп тұр бізді алдан?  
Шытынайды шыдай алмай ызғарға.  
Сұлу бақтар сырласуға біз барған.

Тағы да жол. Үнсіз қолын бұлғайды.  
Әлде елес пе? Айту қиын бұл жайлы.  
Көкжиекте шақырады бір бейне,  
Сәулесінен үнсіз жүрек тулайды.

Тағы да жол, тағы түнек, тағы таң.  
Мен өткен жер. Қандай таныс осы маң.  
Кетпеп пе едім? Бір сұлу ән естілді,  
Тағы ғажап, тағы және тосыннан,  
Сол әуенге тағы үнсіз қосылам.



---

## ЖЕҢГЕМЕ

Топырағынан анамның жаралдың ба?  
Салтымыздан жалғасқан нәр алдың ба?  
Сенім артып қарайсың жолдарыма,  
Сен күтетін биікке бара алдым ба?

Бар жақсылық еліме ерте келдің.  
Жайма шуақ жаныңа еркеледім.  
Кірбің тартса жанарым, сен мұңайып,  
Қуанғанда, күлімдеп еркем дедің.

Шаштарыңнан көрініп шалалығым,  
Шаршатты ма жеңеше балалығым?  
Ортамызда жас болып жүре бер сен,  
Күш береді жаныма даналығың.

Қабағымнан байқадың көңілімді.  
Өміріме арнадың өміріңді.  
Кездескенде тағдырың дауылына,  
Қуат етіп келемін сеніміңді.

---

## ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ БАУЫРЛАРҒА

Тұрақ таппай Сары-Арқа, Нарынқұмда.  
Тәлкегіне тағдырдың бағындың ба?  
Алтайдан, Алатаудан асып кетіп.  
Шетте жүріп еліңді сағындың ба?

Даламыздың таулары, өзен, көлі.  
Құландар мекен еткен бетпақ шөлі.  
Көзің қиып қалайша тастап кеттің,  
Шақырды ма өзге елдің, өзге төрі?

Заманыңның тап келіп құрғыр күні.  
Адастырды бауырлар бір-біріңді.  
Естіле ме, ел жақтан самал соқса?  
Дала үні, даланың бұлбұл үні.

Артта қалды қарындас, апаң, көкең.  
Қасиетті шаңырақ – Ата мекен.  
Қимасыңды қалдырған қиын күндер,  
Еске түссе жаныңа бата ма екен.

Емшектегі балаңыз әке болды.  
Атқа мінді, таныды оңды-солды.  
Жол көрсетер, көш бастар заман туса,  
Табар ма еді құм басқан ескі жолды.

---

## ТАЛ БЕСІК

Тағдыры тарих тал бесік,  
Жасаған бабам тал кесіп.  
Қаншама ұлды тербедің,  
Ертеңгі қара нар десіп.

Мұңдасы болып ғасырдың,  
Қаншама сырды жасырдың.  
Әлдилеп бағып мәпелеп,  
Қызыңды қырдан асырдың.

Моншақтар көзден шашылды,  
Мейірі қанып басылды.  
Ұйқысын түнгі төрт бөліп,  
Қанша Ана саған асылды.

Белгісі болып өткеннің,  
Ғасырлар, алыс кеткеннің.  
Өзіңсің ілкі куәсі –  
Мұра боп бізге жеткеннің.

---

## ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВТЫҢ РУХЫНА

Бауырым қазақ!  
Дүбірлетер іс-ойы ғасырларды.  
Кеш танимыз біз неге, асылдарды?  
Қудаладық кезінде төбет қосып,  
Кешегі Мұқағали, Қасымдарды.

Ту көтерер, ел бастар Ерің қайда?  
Саламыз ба тағы да «Елім-айға»?  
Келер ұрпақ сұраса не айтамыз,  
«Бабаларым мұра еткен жерім қайда»?

Шүкір еттік, шүкір-деп бұға бердік.  
Тағдырымның салғаны шығар дедік.  
Тұяқ серпер, тебісер кезің бар ма?  
Бауырыңа батқанда бұғау келіп.

Қалайша тар етеміз кеңімізді?  
Қарындасты қайтеміз? Елімізді?  
Қызғыштай қорып өткен Қабанбайлар,  
Басқаға бөлгізбейік жерімізді!

Қозғал қазақ!  
Уақыт жетті түзетер ошағыңды.  
Белңді бу, көрсетпе осалыңды.  
Рысқұлбеков секілді қыршын кеткен,  
Ерлерді ойлап, ашынып қосам үнді.

Қайрағты, көңілі – сәуле, көзі – ашық.  
21-де зарлағты, қайран жастық.  
Қасқырлар да қорғаған бөлтірігін,  
Қайратыңа жасадың өзің қастық.

Келесі кім? Кімдерді табасыңдар?  
Кімдердің басына әлек саласыңдар?

---

Қазағым, – деп, елім, – деп еңіреген,  
Қай Қайратты түнекке жабасыңдар?

Ойлан қазақ.  
Таптамасаң қызғалдақ солар ма еді?!  
Арнасына тасқындар толар ма еді?  
Туады тағы Қайрат, қадірлейік!  
Еліңе солар тұтқа болар енді.





---

## ЕСЕТ БАТЫР КЕШЕНІ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙ

*Бабамыздың 325 жылдық тойы үстінде  
жазылған.*

Дабылың асып жатыр ғасырлардан.  
Ассалаумағалейкум, Батыр бабам.  
Ескеріліп ел үшін төккен терің,  
Той отын лапылдатып жатыр далаң.

Арғымақтың ащы терін төккізген.  
Күндеріңді ер үстінде өткізген.  
Даламызға басымды игім келеді,  
Қаз-қалпында ұрпағыңа жеткізген.

Серік болған ғасырларға боз далам.  
Мың-мың тұяқ гаптағанда тозбаған.  
Құлағыма еміс-еміс жетеді,  
Бота үні көш соңында боздаған.

Аңыраған Ана үні естілер.  
Жесір үні жүрегіңді кескілер.  
Жауда қалып, алты қанат ақ ордаң,  
Қарааы ел қара қосты кеш тігер.

Аттан салып буып-ап белді бекем.  
Қорғаны боп ен дала, елді мекен.  
Қол бастап осы жерден Батыр бабам,  
Жау қайдалап жорыққа енді ме екен.

Түн түріліп, қар өртеніп, жанып мұз.  
Басымызға күн туғанда ерімізді  
таныппыз.  
Аруақ сыйлар дәстүрі бар, салты бар,  
Қарапайым қазақ деген халықпыз.

---

## ТІЛЕК

Белестерден,  
Елес берген,  
Шаттық күнім келді де.  
Балапаным,  
Дара таңым,  
Ұлы көшке ердің бе?

Қарындастың,  
Қарлығаштың,  
Жолын ашсын келешек.  
Кішкентай қыз,  
Жарық жұлдыз,  
Болып қапты ересек.

Күнім менің,  
Гүлім едің,  
Көке, – деген күлімдеп.  
Тынып ішген,  
Күліп күшпен.  
Айта берем күнім, – деп.

Бесігіңді,  
Есігіңді,  
Ауыстырдың өзге үйге.  
Атар таңым,  
Салған әнім,  
Қауыштырдың гөй-гөйге.

Еңселімін,  
Ел сенімін,  
Ақтап жүрсең жырақта.  
Күрсінбеп ем,  
Дүрсілдеген,  
Жүрегімді жылатпа?

## МАҢҒЫСТАУ

Бастан кешкен қиын-қыстау  
Таршылықтың талайын.  
Амансың ба Маңғыстауым,  
Амансың ба Ағайын?

Сенде өрлік, сенде аңыз,  
Сендегі жыр қаншама.  
Тағзым еттім құмдарыма.  
Тағзым еттім баршаға.

Маңғыстауым,  
Маң-маң түйең, мың елім.  
Ата-бабам маңдайында –  
Жазылмаған мұң едің.  
Ұлдарыңның жүрегінде –  
Қатып қалған тас едің.  
Қыздарыңның жанарынан –  
Үзілген шық, жас едің.

Маңғыстауым,  
Жақсылар мен жайсаңдардың мекені.  
Сағынышпен салған әнім, саған самғап  
жетеді.

Сұрқия жел, сұрапыл күн,  
Жылы орнынан қозғаған.  
Ұрпағымыз Бозінгеннің  
Жерін тастап боздаған.

Маңғыстауым,  
Терең ой, бұйрат құмдар.  
Бауырыңда мүлгиді зират шыңдар.  
Әрбір тауың киелі, әрбір төбең,  
Ата қоныс болған жер. Аңсап келем.

---

Маңғыстауым,  
Бақ қонған байтақ елім.  
Саған сәлем алыстан айта келдім.  
Көк жиек көз сүрінбей байқалады.  
Содан болар көңілім жай табады.

Маңғыстауым,  
Күйшілер, әнші елі.  
Бауырыңда баптадың Шәмшілерді.  
Құрманғазы, Қазанғап жолын қуған,  
Талай дүлдүл осы жер, сенде туған.

Маңғыстауым,  
Ата жұрт іздеп келем.  
Жағаң жаз, етегің күз деп келем.  
Ғанибет қой ел іші, дос көңілі.  
Елжіретті жанымды, бос көңілді.



---

## МАХАМБЕТПЕН ТІЛДЕСУ

О, Махамбет,  
Бағыр бабам. Арысым.  
Түн қатып ең қаймана қазақ қамы үшін.  
«Аш арыстан, жолбарыс та» болдың  
сен,

Қара көзің, қарындастың ары үшін.  
Келер күндер, келе жатқан таң үшін.

Заманыңның тепкісіне көнбедің.  
Жалын едің, дауылдарда сөнбедің.  
Ұрпақ барын «теңдік сұрар ұрынып»,  
Көре білдің. Ақтың туын бермедің.  
Жылағанды жақсы игімен тең көрдің.

«Еңку-еңку» Құм Нарында жер шалдың.  
Еділ кешіп, есіргенге қол салдың.  
Ертеңі үшін есіктегі еркектің,  
«Ереуіл мініп, егеулі найза қолға алдың»,  
Еркіндік күнге еңіреп жүріп жол салдың.

Маңайын Еділ толтыру еді арманың.  
Толассыз көшкен керуендерге бар маңын.  
Тасырлап желіп, табындап өрген жылқыға.  
Тай құлындарға, қуалай шапқан жан  
жағын.

Тай, бұқаларға, аспанға шашқан  
шаңдарын.

Естіліп дауысың намысқа найза қайраған.  
Ішінде жүрсің ұрыстың әлі, қайнаған.  
Ұраны өзің артыңнан ерген ұрпақтың,  
Жаңа жорыққа арғымақтарын сайлаған  
...Құм төбелерде іздерің жатыр сайраған.

---

## САҒЫНЫП ЖҮРСІҢ, БІЛЕМ

Сыр ұқтырып жанарыңнан әр қалай.  
Мөп-мөлдiр боп оғырысың қалқам-ай.  
Терезеге неге қарай бересiң,  
Бiреу бар ма ед сағындырып келегiн?

Қыс кетерде қызығын ала кеткен.  
Томсырайып отырсың. Дала көктем.  
Кеткен құстар оралды мекенiне,  
Сен күткен жан не дедi кетерiнде?

Аймалайды жүзiңдi таң самалы.  
Тiрлiк бiткен қосылып ән салады.  
Алып-ұшып, жүрегiң таппай гагаг,  
Ерте тұрып жүрсiң бе жолға қарап?

Терезеңде түнiмен шам жаңады.  
Құбылысқа қара түн таңданады.  
Суық төсек жаныңа маза бермей,  
Тағы таңың атты ма көзiңдi iлмей?

Қиналасың жақындар сөздерiнен.  
Қиып кетсе солардың өздерiнен.  
Жеме-жемге келгенде бәрi керек,  
Кешiре сал қайтесiң, едiң зерек.

Түсiнсең де екенiн өмiр алда.  
Тампылайды моншақтар омырауга.  
Сағынып жүрсiң, бiлем. Аяулым-ай,  
Қызық күндi құлпырған баяғыдай.

---

## УАҚЫТЫМ АЗ

Бәріне де, бәріне үлгеремін.  
Алаңқайға алқызыл гүл егемін.  
Жасын сүртіп жылаған жесірлердің,  
Қақпан қоям жолына кесірлердің.  
Зирағына бас ием есіл ердің.

Қураған ағаштарды суарамын.  
Сонда қайта құрсақтан туар жаным.  
Хабар күгіп құлағы елеңдеген,  
Елге барып үлкенге сәлем берем.  
Қаракөзге, кешікпей келем деп ем.

Әкемнің құрдасына жолығамын.  
Ғыңдаймын жыр-дастанын, жорық әнін.  
Шешем жатқан төбеге барып қайтам,  
Жеңіл бол деп, топырақ салып қайтам.  
Өміріме күш-қуат алып қайтам.

Содан соң ағыл-тегіл жыр жазамын.  
Білмегенге танытам бір қазағын.  
Ішімдегі барымды жайып салам,  
Көрісе алмай жүрсеңдер – қайық болам.  
Көре алмай жүрсеңдер – ғайып болам.

Естен танып сосын да ғашық болам.  
Теңіз болып шайқалам, тасып толам.  
Махаббаттың әніне мас боламын,  
Жібітемін жүректің тас қорабын.  
Қайта туып, қайтадан жас боламын.

Аралаймын даламды, көше, бақты.  
Көргім келген қанша гүл шешек атты.  
Қанша шыбық қайтадан егілгенін,  
Қанша шуақ жеріме төгілгенін.  
...Уақытым аз, содан ба егілгенім?

---

## ТУҒАН ЖЕР. ҚҰШАҒЫҢА АЛШЫ МЕНІ

Ауылда өстім, ауылдың баласымын.  
Жөргегімнен жаттағам Дала сырын.  
Сарсаң күнде сағынып келем саған,  
Қуат берші жаныма, жанашырым.

Дала – бабам, мен оның ұрпағымын.  
Бабам жайлы жыр, дастан шырқадым  
мың.

Айтқым келіп тұрады қымбаттыма,  
Табынатын өзіне ұрпақ үнін.

Дала – анам, мен оның бөбегімін.  
Тосты аузыма бәрін де керегімнің.  
Арқам сап даламды қасиетті,  
Алып кетпей Меккеге неге жүрмін.

Дала – көп гүл, мен оның көбелегі.  
Көлбеңдейді көк көйлек, ебелегі.  
Көкжиегін көкше бұлт көлегейлеп,  
Көк кілемге көп жаңбыр себелейді.

Дала көркем, саны жоқ биігінің.  
Жосыған көз ұшында киігінің.  
Боз түбінен бозторғай шырылдайды,  
Ғашық болып өтермін, сүйіп үнін.

Дала – сұлу, сан рет таңданып ем.  
Айлы түн, арайлы таңдарымен.  
Тілдескен таң атқанша, сыр жасырған,  
Жұлдыздар – жамыраған шамдарымен.

Сағыныштан сабырым сарсып еді.  
Сары күндер келмеске қалсын енді.  
Оралған жыл құсындай келем саған,  
Туған жер, құшағыңа алшы мені.



---

## КІМ КІНӘЛІ

Көңілдің қосшы жоқ  
Қасында досы жоқ.  
Неғылған адамсың?  
Баспана, қосы жоқ.

Белгі жоқ кеткенде.  
Жаз күнің өткен бе?  
Асыға күткенің,  
Айналып кеткен бе?

Қай жерде қалдырдың?  
Қалайша алдырдың?  
Не болған бұл күнде?  
Саа көңіл, саағырт үн.

Үн-түңсіз барасың.  
Бас изей саласың.  
Жоғалтқан жандайсың,  
Жақсысын. Дарасын.

Гүлі едің ортаның.  
Ізі жоқ соа таңның.  
Жалынсыз жанарың,  
Қараймын. Қорқамын.

Сұраусыз алдың ба?  
Шақырмай бардың ба?  
Жыртығын жамаудан,  
Шалдығып қалдың ба?

Жақсыға қуандың.  
Жаман деп қуардың.  
Қанағат көлінен,  
Жаныңды суардың.

---

Асылды, жақұтты.  
Бағалау бақытты.  
Кек сақтап қайтесің,  
Өлтіріп уақытты.

Ой шалсаң әріге,  
Өмірдің нәріне.  
Кінәлі екен ғой,  
Бәрі үшін, бәрі де.



---

## ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫ ГҮЛДЕРІМ

Шырғалаң өмір, шырғалаң,  
Сондықтан болар жыр жазам.  
Сондықтан болар мұңданам.  
Маңдайынан сипай кет.  
Мұңайды бүгін бір балаң.

Сырғалаң өмір, сырғалаң,  
Сыр айттым саған сыр далам.  
Сары ауру болдым сыздаған.  
Сабыр жоқ біздің жүректе,  
Сары күз келіп мұздаған.

Танымай қалам өзіңді  
Түсінбей қалам сөзіңді.  
Сарғайттың жасың бөзімді.  
Не жаздым саған, не жаздым?  
Тексере бердің төзімді.

Бозінген әнін қозғаған  
Былырғы жүрген боз балаң.  
Бостан да босқа тозбаған.  
Бос түннен қаштым озбаған.  
Боз күннен қаштым боздаған.

Бос күндер, бетпақ безерген.  
Безерген, ерні кезерген.  
Қас жауым еді ежелден.  
Қас қылып қырсық күндерім,  
Қасқайып сезім тежелген.

Қамығып менің жүргенім,  
Қараңғы болды түндерім.  
Қапыда кетті күндерім.  
Қатулы содан түрлерім.  
Қараусыз қалды гүлдерім.

---

## ТУҒАН ЖЕР – ТІРЕГІМ

Сағындым бұаттар көшкен аспаныңды,  
Шайқалған самаламен жас талыңды.  
Қайдасың қол бұлаған биіктерім,  
Жосылған көз ұшында киіктерім?

Жусан исі аңқыған көк орай бел.  
Шулаған қамыстары айдынды көл.  
Қызарып қырдан асып бататын күн,  
Жұлдыздары жымыңдап жататын түн.

Көрдің бе алма ағаштың бүр жарғанын?  
Есімде сол жайында жыр жазғаным.  
Қалықтап қаздар ұшып бара жатыр,  
Атын ұстап, ерттеді бала батыр.

Айтарым сенің әнің, сенің жырың.  
Епкім естіп-білмеген тылсым сырың.  
Естіледі домбыра қоңыр үні,  
Симайды құшағыма қызыл гүлі.

Жаяулатып келемін тау арасын.  
Жазылғандай сыздаған жан жарасы.  
Көбірек осы жерде жүрсем екен!  
Тірегім сен туған жер, білсең екен!

## КЕЗДЕСУ

Сенбейсің бе сен маған, сенесің бе?  
Су алуға тағы да келесің бе.  
Тілдесуге сенімен бата алмадым,  
Сұлу бейнең қалыпты тек есімде.

Иін ағаш белеңді майыстырды.  
Әппақ білек, қос шелек сайыс құрды.  
Жақындауға жаныңа дәрменім жоқ,  
Жасықтығым жанымды қайыстырды.

Құрақ ұштым алдыңда, құрақ ұштым.  
Кіп-кішкентай иесі бұла күштің.  
Көзің сенің мөлдір көл, қос тұңғиық,  
Тереңіне келеді құлап түскім.

Жиып алған бойына таң шыршынын.  
Тіп-тік болып барады тал-шыбығым.  
Тағы сені көруге, тағы келем,  
Су басында кештетіп қалшы, бүгін.

---

## ШАШУ

Сағым қылып,  
Сағындырып,  
Азаматым үйленді.  
Бір шуақ күн  
Келін болып  
Керім болып үйге енді.

Айналада,  
Жайдарлана,  
Көз тіккендер маз болып.  
Қарсы алыңдар,  
Жар салыңдар,  
Өтсін өмір жаз болып.

Ұлы көшке,  
Тартқан төске,  
Тағы бір көш ереді.  
Сол жайында,  
Ағайынға.  
Айта бергім келеді.

Жан сарайын.  
Ақтарайын.  
Той үстінде жалпыма.  
Қасиеттім,  
Бас иетін.  
Қарыздармын салтыма.

Аспанымнан,  
Жас талымнан,  
Көрімдігін алайын.  
Қалсын есте,

Бақыт кеште  
Жырдан маржан тағайын.

## КҮТІП АЛ

Қайтып келем күтіп алсаң сен мені?  
Өзге өтініш болмақ емес менде енді.  
Өтті күндер мағынасыз, мәні жоқ,  
Сен екен ғой жүрген оның сәні боп.  
Өтті бәрі.  
Кездесулер. Табысулар. Қуаныштар.  
Сағыныштар, бәрі жоқ.

Оралмады мекеніне күзде кеткен  
тырналар.  
Уақыт солай өтеді де, айтылмастан сыр  
қалар.  
Неге қалдым кетіп қалмай, сол тізбекке  
ілесіп?  
Қарсы соққан дауылдармен күресіп.  
Олар кеткен жылы жақтан хабар жоқ,  
Қыр басынан салқын самал тұр есіп.

Қалып қойдым қанатым жоқ,  
Қаламын.  
Жаяулатып бір күндері сендер жақты  
табамын.  
Ұмытпаңдар қайтар жолды,  
Ата қоныс – мекенге.  
Қадірі жоқ туған жердің бөтенге.  
Мен де кетем туған жерге,  
Жата кетем тауларыма жетем де.

Сондай жанмын,  
Осынымды біл десіп.  
Тұрмын мылақау тыңдаушымен тілдесіп.  
Жеткізбейтін қуған алыс сағымды,  
Не бар маған ?

Сонша қинап жанымды.  
...Аласұрған сезімдер ғой, шаршатқан,  
Жариялап жұртқа жайған барымды.

## ҚУАНЫШЫМ СЕН

Күнім менің, қуанышым сен ғана,  
Пана болсаң, саяңдағы мен бала.  
Жылу іздеп құшағыма тығылған,  
Сәби болсаң, қасыңдамын. Мен пана.

Гүлім менің, жүрегім де сен ғана,  
Ұнатамын күлгеніңді паңдана.  
Саусақтарың.., сүйе бергім келеді,  
Көздеріңе қарай берем таңдана.

Әнім менің, ізденегім сен бе едің?  
Сын көздерім таба алмады сенде мін.  
Перизатым, жерге түсіп еріттің,  
Мүз жүрегін мен сияқты пенденің.

Сәнім менің, самал ма едің, жел ме  
едің?  
Сәл көрмесем басты мені жерде мұң.  
Жүрегімді менің қатқан жібітіп,  
Қандай жақсы бұл өмірге келгенің.



---

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Осы күнге мен өзі қайдан келдім?  
Жеттім ғой қойшы соны, қайдан дерің.  
Тәуелсіздік теңім деп, атқа қонып,  
Тәуелсіздік күні үшін майданда өлдім.

Бостандық, тәуелсіздік егіз дедім,  
Желмаяға міндім де жер іздедім.  
Іздеп келіп тірелдім – Жерұйыққа,  
Құмдарым, ормандарым, теңіздерім.

Тәңірінен бұл күнді сыйға алған ба?  
Ел басына күн туып қиналғанда.  
Алғаш рет бір жеңнен қол шығардым,  
Аңырақай басында жиналғанда.

Ақ білектің күшімен, ақ найзаның,  
Қан майданда теңдік – деп атой салдым.  
Дірілдетіп тізесін тірескеннің,  
Ұлан-ғайыр жерімді сақтап қалдым.

Бұл күн үшін төкті ғой батыр қанын,  
Садақ болып сан рет атылғанмын.  
Хан-Кене боп, басымды оққа тігіп,  
Бұл күн үшін сан рет шатылғанмын.

Махамбет боп, Еділде еңіредім,  
Арда қазақ – бостандық теңі дедім.  
Түн қатып, таң асырып тірі қалдым,  
Өз жерімнің ырысын теріп жедім.

Көтере алмай салмағын жауған тастың,  
Алтай аттап, Қытай мен Ауған астым.  
Сүйтіп жүріп салтымды сақтап қалдым,  
Қамы емес ет бұл ісім қауға бастың.

---

Желтоқсанда әндеттім, ақындаттым,  
Ашып айттым алаңда зағын ақтың.  
Қар кешіп, мұз жастанып елім үшін,  
Бір табан осы күнді жақындаттым.

Жеттім міне бұл күнге. Бақыттымын!  
Тәуелсіздік тірегім жақұт үнім!  
Көк байрағым көлбеңдеп көк аспанда,  
Паш етеді әлемге бақыт күнін.

Тәуелсіздік туым – деп айта аламын,  
Мақтанамын, көңілім жай табады.  
Осы күнді армандап өткен едің,  
Бабаларым, сен үшін қайталадым.



---

## КІНДІГІМДІ КЕСКЕН ЖЕР

Самала жел ескен жер,  
Сары сағым көшкен жер.  
Сай-саланы қуалап,  
Сары гүлдер өскен жер.

Құндағымды шешкен жер,  
Кіндігімді кескен жер.  
Қалжа беріп анама,  
Қанатты бол дескен жер.

Әкем күйеу болған жер,  
Анам келін болған жер.  
Әлдиімен әжемнің  
Әлем әнге толған жер.

Аруана – інген жер,  
Ат жалына мінген жер.  
Адыра қап атырап,  
Ащы жасым сіңген жер.

## АҚТАНАУ

Шапағатын себелейді әсем күн,  
Толғанамын, болмас әсте бәсең үн.  
Жан сарайы тылсым сырға толы еді,  
Жылдар бойы жылқы баққан әкемнің.

Қиындықпен өткізіпті жас шағын,  
Жылқы мінез, өзгеруі қас-қағым.  
Тауқыметін талай тартып жүрсе де,  
Баласындай аялайтын аттарын.

Қадірлейтін Қамбар ата киесін,  
Мал бағары, құлын-тайы, биесін.  
Сезеді ме ықыласын ерекше,  
Аттары да түсінетін иесін.

Өткен күнсіз болашағың мәнді ме,  
Ұнататын домбыраны, әнді де.  
Жылқы көрсем еске түсе кетеді,  
Ертеректе әкем айтқан әңгіме:

«...Дей алмаймын уақытымды аққа жау,  
Кез болатын іздемейтін жоққа дау.  
Бағып жүрген көп жылқының ішінде,  
Айғыр болды, аты ерекше – Ақтанау.

Делиген қос танаулары аппақ ет,  
Шағыр көзді, сүйір тұмсық, шақша бет.  
Кекілдері жауып шағыр көздерін,  
Шашалары аппақ еді, жатқан шет.

Тұяқтары қара тасты шаң қылар,  
Тұқымында Арғымақтың қаны бар.  
Шапқан кезде жымитып қос құлағын,  
Жер апшысын қуырағын жануар.

---

Бас сүйегі – пышақ жүзі, оқ қыры,  
Қазанатым, биік еді шоқтығы.  
Сом денесі тарамыстай тартылған,  
Білінбейді аштығы, не тоқтығы.

Тұлпарларға мекен болған осы ара,  
Бәрі кетті, өткен күнге не шара.  
Бір айыбы – тек тілі жоқ демесең,  
Адамнан да есті еді бишара.

Әлі есімде, қақаған қыс болатын,  
Ішін гартып, ұйтқып боран соғатын.  
Жылқыдамын, үшінші түн ұйқы жоқ,  
Арман болып бір ықтасын қонатын.

Ақтанаудың мұз көмкерді сауырын,  
Қиыршық қар тілгілейді бауырын.  
Бойымда күш, қолда тізгін тұрғанда,  
Қорқыта алмас мені сойқан дауылың.

Омбы қардың таусылмады сарсаңы,  
Ақ көбік боп жануарым шаршады.  
Аттан түсіп бой жаздырдым бір сайда,  
Қалғып кеттім. Кез болатын таң сәрі.

Ұйқыдамын. Сезбей қырсық жеткенін,  
Сай жағалап жылқы өріп кеткенін.  
Уысымнан шығып кеткен қыла пылбыр,  
Ақтанаудың табынға еріп кеткенін.

Ащы дауыс, шошып кеттім көз ашып,  
Ала боран ысқырады қар басып.  
Ақтанау жүр екі ортада арқырап,  
Кісінейді тұяғымен қар шашып.

Ақтанауым, бақ еді ғой басымда,  
Құр-құрладым, жетіп келді қасыма.  
Жан серігім, құшақтадым жалынан,  
...Сабыр сезім, сап көңілім тасыма.

---

Қарғып мініп, ерге мықтап орнықтым,  
Бір-ақ сәтте аяқталды қорлық күн.  
Жануарым жершіл еді, қанатым,  
Бесін ауа көп жылқыға жолықтым».

Көп жыл өтті, осы әңгіме көңілде,  
Көп жаңалық, көп өзгеріс өңірде.  
Көп жыл өтті, ағыс алып кеткелі,  
Ақтанау да, әкем де жоқ өмірде.

\* \* \*

Елестерге басқа елес ереді,  
Есіме алсам көзіме жас келеді.  
Өлгенде емес, көмгенде емес,  
Адамдар,  
Ұмытқанда, шыныменен өледі.  
Көңілінде мәңгілікке көмеді.

Аруақ болар бір күндері Данамыз,  
Қартаяды бесіктегі баламыз.  
Ұлы Өмір толқынында кейіндеп,  
Ұлы Тарих қойнауында қаламыз.  
Қалыптасқан табиғаттың бұл заңын,  
Өзгертуге келмес тіпті шамамыз.

Қалауынша заман өзі реттесін,  
Толтырамыз өткен күндер жетпесін.  
Жақсы, жаман,  
Жаратқанның қолында,  
Тек өмірің мағынасыз өтпесін,  
Тек күндерің зая болып кетпесін.

Осылай деп әкем өмір сүретін,  
Осынысын ауыл-аймақ білетін.  
Қырық жылдай уақыт өтіп кетсе де,  
Ақтанауын әңгіме етіп жүретін.

Ішіп-жеген демейді ме бұйырған,  
Қолда жоқта не күтесің қиырдан.

---

Заманга сай Ақтанауды бір жылы,  
Алмастырған екі үлкен сиырға.

Өткен өмір – ұмыт қалған түс болған,  
Мұндай шешім әкеме де күш болған..  
Жалғыз шеше бақилыққа аттанып.  
Амалсыздан атқарылған іс болған.

Сол Ақтанау, талай тойда топ жарған,  
Талай-талай жарыстарда олжа алған.  
Талай рет үстем еткен мерейін,  
Бір-ақ күнде мерт болыпты  
О, Жалған!

Жиннай алмай бойындағы нар-күшін,  
Адыра қап жалпақ жота, тау мүсін.  
Жайрап жатыр Ақтанауы, жаутаңдап,  
Артқы тұқай қағып түскен алғысын,

Күм қылаатын тау-төбені, алыпты,  
Тағдыр өзі дегеніне салыпты.  
Құлап жатқан арғымағын құшақтап,  
Өкіргені мәңгі есінде қалыпты.

Өңірдегі дара жұлдыз, дара ай,  
Өзге тақым,  
Өзге тоқым қаламай.  
Өзге жанның ауласында сол күні,  
Өліп қалды, пышаққа да жарамай.  
Өте шықты жан-жүректі жаралай.

«Кешіргейсің Ақтанауым,  
Кеш мені?  
Дәтім барып қалай ғана шешкенім.  
Айтқанына құлақ асып жатқам жоқ,  
Адам емес жануар ғой дескеннің.  
Ардағыммен ат құйрығын кескенмін».

Жылақы көрсем жұлып жеген қияқты,  
Жылап алаам жнып қойып ұятты.

---

**Асыр салған құлын-тайдың ішінде,  
Ақтанаулар шауып жүрген сияқты.  
Елестетем тыпыршыған тұяқты.**





---

## НАРИДІРГЕН

Қара жолмен екі салт ат келеді,  
Бірде аяң, бірде сыпсың желеді.  
Асығады отыруға бел шешіп,  
Алдан әлі көрінбейді ел шеті.

Жолаушылар бірі мосқал қарт адам,  
Екіншісі жастау жігіт шаршаған.  
Екеуі де жұпынылау киінген,  
Қос домбыра, ер басына ілінген.

Ат терлеген, ұнатады аяңды,  
Асыққанмен күн батуда таянды.  
Қарт адамға бәрі таныс өскен жер,  
Осы маңда болушы еді көшкен ел.

Жол қысқартып серігіне сыр ашты,  
Тағы да бір белден өтіп, қыр асты.  
Алаңқайда көрші елдің жайлауы,  
Киіз үйлер. Белдеуде ат байлаулы.

Абыр-сабыр,  
Мал оралған өрістен,  
Қуып ойнап, құлын-тайлар тебіскен,  
Қозы-лақтар енесімен көріскен,  
Қазан-ошақ,  
Бүлкілдеп ет қайнайды.  
Аттың басын бұрмасыңа болмайды.

Тау ішінде орналасқан Жерұйық,  
Тыныстауда дауыл тоқтап, жел ұйып.  
Қыраттарға нек артып алтын күн,  
Сәлем беріп келе жатыр салқын түн.

---

...Осы кезде жан жүректі қозғаған,  
Тосыннан бір дауыс шықты боздаған.  
Тау басынан Аруана келеді,  
Шаң көтеріп, ауыл жаққа желеді.

Сай-сүйегің сырқырайды көргенде,  
Бота ермеген ертеңгісін өргенде.  
Қос жанары ботақанын іздейді,  
Үмітінен әсте күдер үзбейді.

Меңірейіп тұлып тұрды белдеуде,  
Қарамады өте шықты, өр кеуде.  
«Ботасының несі ерекше болатын,  
Еміренсе бойға қуат толатын».

\* \* \*

Жолаушылыр аттан түсіп бой жазды,  
Ат байланды, саулық сұрап ой қазды.  
Осы ауылдың Ақсақалы нек алды,  
Бөлек тұрған үлкен үйге бет алды.

Үй несі жылы шырай білдірді,  
Келін болар, шай жасап та үлгерді.  
– Төрлетіңдер,  
Жолың болсын жолаушым.  
Алыс жолдан шаршаған да боларсың.  
Асықпасаң, ат шалдырып қонарсың.

– Қай туғасың?  
– Ауыл елің аман ба?  
Тыныштық қой керегі де заманға.  
Тыныш күнге, тіршілікке не жетсін.  
Тірі жүрсең бәріне де керексің.

Шөлдеп келсең, өзегіңді жұбатқан,  
Қымыз келер, ұяттымыз шұбаттан.  
Түйеміз бар, нігенде таң қылған,  
Ботасы өліп сүт шықпайды шандырдан.  
Аузымызды жарытпады ант ұрған.

---

Жусамайды, күні бойы боздайды,  
Жануардың дауысы да тозбайды.  
Жоламайды шелегінен жеріне,  
Көз салмайды шөп тығылған теріге,  
Обал болды, ботасы жоқ желіде.

Толгандырды әлгі айтылған әңгіме,  
Бала жоқта өмір өзі мәнді ме?  
Адам түгіл жануарға керегі.  
Өзегіңді жарып шыққан бөбегі.  
Шапағатын сонда тірлік төгеді.  
Сонда ғана тіршілігің желелі.

Ойлар кетті жетегінде сезімнің,  
Толтырады жүрегін күй, көзін мұң.  
Жас жолаушы домбырасын қолға алды.  
Шертіп тартып әр саладан ой шалды.  
Жанары жас, көз қарасы байсалды.

Бір мезетте саусақтары қағынды,  
Домбырадан толассыз күй ағылды.  
Баурап алды төңіректі, даланы,  
Бірде бейне, киік қашып барады.  
Бірде бұлбұл сұлу әнге салады.

Домбыраның екі шегі егілді,  
Шырылдады, безектеді, төгілді.  
Ағыл-тегіл ағылды да, басылды.  
Сәлден кейін, қайта сарын шашылды.  
Тоғыз перне, он саусаққа бас ұрды.

Тұнып қалған тосын жайға айнала,  
Елітеді кешкі уақыт, сай-сала.  
Бейтаныс жан, үнсіздікке құлақ тұр,  
О, ғажайып, Аруана жылап тұр.  
Жанарында жалбарынып, сұрақ тұр.  
Тынып қалған бар тіршілік, жырақ тұр.

Мәлдірейді, елжірейді жанары,  
Құм үстіне ащы тамшы тамады.

---

Тыласым дүние көз алдынан аққандай,  
Тас емшегін бота нискелеп жатқандай,  
Тар құрсағы ләззатқа батқандай.

Еміренді, Ару-Ана егілді,  
Қайысты да қабырғасы, сөгілді.  
Күй төгіліп мерейіңді қандырды.  
Тырсынып тұр кепті деген шандыры.  
Намазшамда бүршік жарды таң гүлі.

Жақсы ырым әкеледі елге құт,  
Сәлден кейін тамшылады жерге сүт.  
Бұлақ болып содан кейін ағылды.  
«Ақ түйенің қарны бүтін жарылды»  
Аңсап елік дәл осындай сарынды.  
Тағдыр айдап келді елге дарынды.

– О, домбырам!  
Қасиетім сақтаған,  
Күнім батып, сенсіз таңым атпаған.  
«Наридірген»,  
«Құс қайтарған»,  
«Кісен ашқан» – өзіңсің.  
Мирас қылып тастап кеткен  
Ата – бабам көзісің.

– Ау, жолаушым!  
Ризамын мен саған.  
Міне, шапан.  
Үста атың ен салам.  
Үйірімен үш тоғызды атадым.  
Қабыл болсын елің берген бата мың!  
Тарай берсін кең далаға атағың!

---

## ТАБЫТ ЖЫРЫ

*Термонтовтан*

Суық жерді жастанып мен жатамын,  
Жер астынан өзіңе тіл қатамын.  
Махаббаттан есі ауысқан бишара,  
Ұмытқам жоқ. Бәрі есімде. Не шара?

Сын сағатта аттап өтіп жарықтан,  
Жылу іздеп жүректерден, жабыққам.  
Сұлулыққа бақидағы таң қалдым,  
Тани алмай келбетіңді сандалдым.

Жаратқанның рақымын қайтемін,  
Жұмағыңның жасыл бағы, қай теңім.  
Бар қызықты алып кеткем өзіммен,  
Еске гүссе жас тамады көзімнен.

Мәпелеймін арманымды бұлқынған,  
Сағынамын жанарыңды сыр тұнған.  
Өтіп кеттім, сен жолымда кез келмей.  
Қызғанамын сол баяғы кездердей.

Шаштарыңа демі жетсе басқаның,  
Қиналамын, өмір неткен қас қағым.  
Сыбырласаң басқа адамның есімін,  
Өртенемін, мен бейбақты кешіргін.

Тағдыр сені енді кімге қосады,  
Кеткен жанның сен мәңгілік қосағы.  
Қорқыныш бар, тыныштық бар  
торлаған,  
Билесің ғой, керегі жоқ ол маған.

---

## АЛДЫҢДА СЕҢІҢ БАС ИМЕН

*Лермонтовтан*

Алдыңда сенің бас имен,  
Сан сара жолдар таңдармыз.  
Жаныма мені оқ тиген  
Біліп қой, бөлек жандармыз.

Азаттығымды өзіңе,  
Адастыруға бермеспін.  
Күлкіңе, арман көзіңе,  
Садақа жылдар. Көрмеспін.

Онсыз да үміт, арманды,  
Бір ғана сенен көріппін.  
Аяққа басып жалғанды  
Өзіңе ғана сеніппін.

Кім білсін? Сұлу сәттерді,  
Тапталған, жалғастырып ем.  
Сезімдер жылап жатты енді  
Сен немен алмастырып ең?

Жанымның мүмкін жалынын,  
Әлемге сый қып тартар ма ем.  
Қарымтасына жалын үн,  
Мәңгі өмір алып қайтар ма ем.

Уәдең, сөзің не болды?  
Ауыстырам деуші ең шуағын.  
Кезінде айтқан бос сөзді,  
Бүтінде сезген шығарсың?

Тәкаппар жүрек. Кешірші мені,  
Өзгеден бақыт тапқайсың.

---

Дауылдар тұрар, мені өшіргелі,  
Құл болып бәрібір жақпайсың.

Өзге тауларға, жылы өңірге,  
Жыл құсыменен кетермін күзде.  
Бірақ та білемін, осынау өмірде,  
Бір-бірімізді ұмыту жоқ бізге.

Ендігі жерде ләззат қуамын,  
Шын ғашықпын деп уәде беріп.  
Бәрімен күліп, шаттық құрамын,  
Жыламаспын енді біреуге еріп.

Үріп ішіп, шайқап та төгермін,  
Қалайша білмей сұруды сыйладым?  
Адасқан күндер..,  
өзімді сөгермін.  
Періштем өзгерді, өсекке қимадым.

Бас тіккем сонда өлім мен азапқа,  
Сынамақ болдым әлемнің күшін.  
Қолыңды берсең, бармақпын дозаққа,  
Ақымақ басым. Бір сөзің үшін.

Қатігез тағдыр,  
Беймәлім жаттым.  
Ерте көктемде, ерте гүлдеппін.  
Қадірі жоқ қой қолдағы бақтың,  
Сен мені білсең де, мен сені білмеппін.





---

Нұрлы болып қаламыз ба, тағы жүз жыл  
өткен соң,

Тас лақтырып қумас па екен,  
Артымыздан кеткен соң.

Еңселі елдер..,

қағып тұрмыз құлыптаулы қақпасын.

Еңіреген елу елдің қатарынан сақтасын.

Келер ұрпақ алаңдарда бейнемізді

жақпасын.

Жұлде алып жарыстарда қорадағы

жабылар,

Көмбе басы атой салып, айқай салып

сабылар.

Дуылдаған, дүбірлеген көп дүрмектің

ішінен,

Өзі-өзінен жиіркенетін адамдар да

табылар.

Жүрегінде Жаңа өзендей қасіреттің табы

бар,

Жетім гасыр, Мұхтар аға, сонда сізді

сағынар.

Бойларынан кетпей әлі, сұмдық күндер

ызғары,

Желтоқсанның өр ұлдары, өжет туған

қыздары.

Қуат алар өзіңіздей дара туған Тұлғадан,

Арал құмы шегінер-ақ бір қадам.

Арал суы жақындайды бір қадам.

---

## БАЛАПАН ҚАЗ

Қыз кетті, үйімізден қызық кетті,  
Қалыптасқан тірлікті бұзып кетті.  
Ақ қағаздай аппақ ет көңіліміз,  
Шимай-шимай сиялап, сызып кетті.

Қыз кетті, үйімізден көктем кетті,  
Бізде күз, бір үйге көктем жетті.  
Уақыт бар деп асықпай жүргенімде,  
Айтылмай сыр, айтылмай өкпем кетті.

Құлазиды көңілім, сені іздеді,  
Қуаныш пен сағыныш егіз бе еді?  
Өмір осы, біреу боп жүргендерді,  
Бір-біріне қосты да – егіз деді.

Қуаныштың жасырып тамшыларын,  
Сыр бермедім, өзімді қамшыладым.  
Сәукелемен жасырып тұлымыңды,  
Сәуле шашып барасың шам-шырағым.

Таңдағаның өзіңе боп тірегің,  
Бере көр,  
О, Жасаған, көп тілегін?  
Жолың болсын жарық күн – балапан қаз,  
Жапырағың жайылсын деп тіледім.

## АУЫЛДАҒЫ ҮЙ

Түсіме кірді тағы ауылдағы үй.  
Тағы бастан өткіздім гажайып күй:  
...Жер ошақта жылтылдап от жанады,  
Күмпиеді апамның шоқта наны.  
Уақытша демалыста самаурын тұр.  
Тезек исі жарады танауымды.

Қара қазан, ішіне ас салынған,  
Нан тақтайда илеулі қос қалың нан.  
Шам жанады алдында терезенің,  
Сорайтады бойларын шегелердің.  
Көлеңкелер ойнайды мазақ қылып,  
Жоғалады қозғалсаң, аз-ақ тұрып.

Гүлі суық желдің естіледі,  
Ауылдың дауылы да есті ме еді.  
Ошақ басы жып-жылы, дала сойқан,  
Кіреп ме екен есікті ашып қойсаң.  
Көрші әжей әлі отыр, кеткісі жоқ,  
Шамасы мал жайлаулы, ешкісі тоқ.

Қыңсылайды сенекте қара күшік,  
Қуалайды құйрығын бала мысық.  
Аяқ асты шашылған жүген-ноқта,  
Көз жанары жылтылдап жанған отта,  
Әкем отыр айналып балаларын,  
Шаршаңқырап қалыпты Қара Нарым.

Сабыр, сабыр жүрегім алып ұшқан,  
Ағыл-тегіл жыладым сағыныштан.  
Шүкір етіп бүгінге. Жеткеніме.

Өкінбедім оянып кеткеніме.  
Бақытты едік сол кезде, сол үйімде.  
Қалып қойды жадымда сол күйінде

## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Мектебім менің,  
Он бір жыл тұрған мекенім.  
Өзіңде білдім қуаныш, шаттық не екенін,  
Қимастықпенен қол бұлғап қалып  
барасың,  
Алыстап енді қасыңнан мен де кетемін.

Кездесулер мен қоштасулардан тұратын,  
Өмірдің заңын кез келді міне ұғатын.  
Басымды нем алдыңда сенің мектебім,  
Парасат үйі, білім ордасы – шын атың.

Жасаурап тұрмын жасырып көздің  
жастарын,  
Қош енді мектеп, он бір жыл неткен қас  
қағым.

Қош енді ұстаз, аман-сау болып  
жүріңдер,  
Шәкірті үшін ағарған қара шаштары.

Күш алып едім өзіңнің алып күшіңнен,  
Қымбатсың ұстаз, шәкіртін айтпай  
түсінген.

Бала күндерім көз салып маған  
тұрғандай,  
Маңдайыңдағы әжімдеріңнің ішінен.

Соңғы қоңырау, соңғы вальстің әуені,  
Тербейді үнсіз, жылатып алып әуелі.  
Тал-шыбықтарың өздерің еккен  
коктемде,  
Тілегім осы, бау-бақша болғай мәуелі.

---

## ІЗДЕДІМ СЕНІ

Есіңде болар, мен сен деп өмір сүргенмін,  
Жабығып кейде, қуанғанмын да күлгенмін.  
Топан су қаптап қара жер бетін кетсе де,  
Қалайды жаным, өзгермейтінімді білгенің.

Сағыныш күндер айналып кетті сағымға,  
Сары күз келді сары-ала сырға тағынған.  
Санамда менің сақталып қалған секілді,  
Сабылыс күндер айырған бізді сабырдан.

Толассыз жаңбыр, тағы да аспан түнерді,  
Тоқтаусыз күнде жоқтайды бізді кім енді.  
Тоналған көңіл, тапталған аяқ астында,  
Тани алмадым баяғы жасыя кілемді.

Сұлу бақ қалды, көмкерді ақ қар етегін,  
Сұлулықтардың шынымен соры екі елі.  
Сары гүл өскен сайларым қалды қаңырап,  
Сезіндім сенсіз жалғанның мәнсіз екенін.

## ЖЕКІМЕШІ БАЛАМА

Жекімеші балама, керегі не,  
Айналады тал шыбық терегіңе.  
Бала деген бақыт қой, бала деген,  
Шапағатқа бөлейді келеді де.

Быдырлайды,  
Сосын кеп сыңғырлайды,  
Не білесіз сіз осы сыңғыр жайлы,  
Сәл нәрсеге екі ұрғын гомпитып ап,  
Сәл нәрсеге өкпелеп түнжырайды.

Құлыншағым құлдырап желіп барды,  
Бәрі қызық балаға, еріп барды.  
Ит ашуын тырнадан, өш алғаның,  
Көңіліме шалқыған келіп қалды.

Алдыменен оңдырмай құлап алғам,  
Жасырмай көз жасымды жылап алғам.  
Тас батырып тіземе отырғанда,  
Тәңірімнен баламды сұрап алғам.

Себеп емес басқамен керіскенің,  
Керіскенің қайтадан келіскенің.  
Түсініспей жататын ересектер,  
Жазығы жоқ бейкүнә періштенің.

## ҚАЛҒАН КӨҢІЛ

Ақылсыздығы арсыздықпенен шектескен,  
Жақыныменен жауынан бетер шеттескен.  
Адыра қалып Ақ астау бірге ет жескен,  
Ағайын сенің қорықтым қылықтарыңнан,  
Жайлы заманда жау тауып алған,  
кектескен.

Алғаның қайсы ағайын-ара егесте,  
Арам тер болып несіне шаптың белесте?  
Ауыз толтырдың, айналып кетті елеске.  
Алқымнан алдың, тоныңды жыртың не  
таптың,  
Алатын тауың табалдырық қана емес пе?

Тіліңді кессін, айтып қал бірақ лақ қылып.  
Тасада тұрып тас ату неткен жат қылық.  
Тапжылмай айтшы, жасадың қанша  
жақсылық?  
Тарпаң көңілің тертеге сыймай тұрса да,  
Талғампаз тағдыр тоныңды тігер шақ  
қылып.

Әкеңнен алғыс, анаңнан алғыс алдың ба?  
Қара нар тектес, арқаңа ауыр салдың ба?  
Жыртығын жамап, тесігін бітеп талдың ба?  
Өкпелеп битке көрпеңді өрте, өзгермес,  
Не істедің өзің, сол күтіп тұрар алдыңда.

## ЖАҚСЫ АНА

Құм көшкіні жер бетін сипап салған,  
Селдірейді шөп басы ашық қалған.  
Қырқаларды қақ жарып көш келеді  
Созылмайды, алды-артын жинап алған.

Бір сарынмен барады қырдан асып,  
Қырдан асқан сағыммен араласып.  
Тас түйін боп шашылмай етек-жеңі.  
Салқынымен құралай жағаласып.

Жыладағы тіршілігі көшкен елдің,  
Тауы таныс, тасы ыстық өскен жердің.  
Ерте көктем, ызғары бой қарытып,  
Бетегенің басымен ескен желдің.

Қыр асып жол тартса да неше күндік,  
Көш бойы көрінбейді еркек кіндік.  
Қанша ана жалғзын жауға алдырған,  
Жасын төккен жасырып неше мұңдық.

Барымта, қарымтасы шабыс күнде,  
Саналы өмір сырғыған, ат үстінде.  
Кеше туған жас бала тәй-тәй басып,  
Жатырқаған әкесін жат кісіңдей.

Жерінің, жесірінің дауын қуып,  
Еркек біткен елде жоқ, кеткен суыт.  
Ереулі атқа ер салып, қамшы гартып,  
Тәуекел деп, тас жұтып, белін буып.

Кешегі қыз, бүгінгі бала келін,  
Аты шыққан далаға Дана келін.  
Жақсы Ана келеді көш алдында,  
Қатты қыстан алғанда дала демін.



---

Алда үміт, күмәнін артқа тастап,  
Жетелейді алысқа арман асқақ.  
Бағыт қылып жусанды, бетегені,  
Жақсы Ана келеді елін бастап.

Далада талай-талай дарын өткен,  
Жақсыларын сардала мақтан еткен.  
Жақсылығы көп тиіп жылағанға,  
Елі оны Жақсы Ана деп атап кеткен.

Тай үріккен атынан, маңайынан,  
Омар, Мәтек Адайдың Шоңайынан.  
Жақсы Анамыз келіні осылардың,  
Мәртебесі көп биік талайыңнан.

Етегінен бала жоқ амал нешік,  
Тербетпей-ақ өтіпті бала, бесік.  
Елі үшін еңіреген Ғазиз-Ана,  
Дамылдауға уақыт аз белін шешіп.

Қолының ашықтығы аңыз болған,  
Болса да әйел адам Абыз болған.  
Жақсы менен жұмсағы қонағына,  
Қабағы жайма-шуақ тамыз болған.

Құдайы қонағына арнап қойып,  
Піскен етті артады малын сойып.  
Ат мініп, шапан киіп аттанады,  
Түскен адам марқайып, асқа тойып.

Қашанда келген асқа өң беретін,  
Тау-тау қылып бауырсақ өңгеретін.  
Дастарханы жиналмай ертелі-кеш,  
Жарлысын да, байын да тең көретін.

\* \* \*

Кез болатын су ішкен ауыздықпен  
Теке-тірес ұласқан жауыздықпен.  
Бетегені боздақтың қаны жуып,  
Өспей жатып солатын қауыз біткен.

---

Бітпес дауы қазақ пен түрікпеннің,  
Басы қалған далада үріккеннің.  
Жалғыздың үні шықпай сары құмда,  
Желбіреген жалауы біріккеннің

Даусы қалған адасқан боталардың,  
Айта алмайды тілі жоқ жоталардың.  
Шала-жансар шоқ қалды қоламтада,  
Отпан тауда тағы да от жағар кім.

Бөлінгенді далада бөрі жеген,  
Айта алмайды кеткен жан, көрі терең.  
Бәрін көрген құм жалдар сөзге сараң,  
Көзі соқыр, жүрегі тас, құлақ керең.

Итіс-тартыс сондай бір барымтада,  
Малға-мал, жанға-жан қарымтада.  
Атынан ауып қалған бір түрікпен,  
Ашық барып алған соң арың таза.

Аламанда мерейі болған өктем,  
Өмір өзі бірде қыс, бірде көктем.  
Жау жүрек бір қазақтың тақымында,  
Түрікпеннің әйгілі аты кеткен.

Содан бері қан қою, тіс қайраулы,  
Найза өткір, белдеуде ат байлаулы.  
Түн қатып, тас жамылып, ұйқы қашып,  
Ерегеске түсетін ер сайлаулы.

Қарауылда тыным жоқ бебеу қаққан,  
Оңды хабар күтуде күнгеі жақтан.  
Ат артына өңгеріп қадірлісін,  
Сіміру дұшпан қанын сел боп аққан.

Балаларын құл қылу, әйелін күң,  
Олжа қылу қыздарын бермей-ақ мың.  
Сабасына келтіру сардаланы,  
«Дандайсып кеткен екен қазағың тым».

---

«Туырлығын тілгілеп тоқым қылу.  
Керегесін кескілеп отын қылу».  
Есі кірген баласын шырқыратып,  
Түрікпеннің атынан шоқындыру.

Күн туды қан төгісер, алар кекті,  
Аттандаса ат мінген талай текті.  
Аңдысқан жау қалайда алмай қоймас,  
Шолғыншының атынан хабар жетті:

«Қуалап еңістікті, сай-саланы,  
қатын-қалаш бастаған көш барады»,  
Бала-шаға, қартайған кәрі құртаң,  
Оңтайын орып түспей кеш қалады.

Сеңсең бөрік, көзіне қан бүріккен,  
Кешікпей атқа қонды жүз түрікпен.  
Қарқынынан құм қорқып, жер именіп,  
Қабағынан қар жауып, түз үріккен.

Ойлары қамсыз көшті басып қалу,  
Оңай келген олжадан шашып қалу.  
Орайы кеп тұрғанда ойып алып,  
Отағасы жоқ көшке ойран салу.

\* \* \*

Қамсыз көш сардалада созылады,  
Ілеседі тай-құлын, қозы-лағы.  
Ат үстінде ақ жаулық, бұрымдылар,  
Ереуілде садағы, оғы бары.

Қалқиды құм үстінде шөл кемесі,  
Түйе қомы шаңырақ, керегесі.  
Алыс жолдан керуен шалдықса да,  
Ел жақын, жолаушыға керегі осы.

Кенеттен айқай шықты атыраптан,  
Көшке қарай ат шапты тапырақтап.  
Ақ көбік мінгені қарауылдың,  
Тұяғынан тас атқан жапырақтап.

---

«Ойбай, Шеше!

Жау келеді жар астында жасанған,  
Түрі жаман, шаш орнына бас алған.»  
Аңдыған жау алыс емес, қыр асты,  
Бөріктілер, сыры мәлім қашаннан.

Не істеу керек,  
Қайтсек қайрат қылады?  
Ел шошынып, бала қорқып жылады.  
Әкегіңдер жас келінді, қыздарды,  
Жасырыңдар, жау жанары қырағы.

Болашағын сақтап қалар бір елдің,  
Бар сенімін ақтап қалар бір елдің,  
Шешім керек, ойы зерек,  
Бір адамға, Жақсы Анаға тірелді.

\* \* \*

Бұйрат құмдар бұйығады ет жеңді.  
Самала жел соғып тұрды көктемгі.  
Самсаған ел сары құмның етегі,  
Көп түрікпен көшті қуып жетті енді.

Алқа- қотан, шөккен түйе,  
Артулы жүк ашылған.  
Ақ дастархан, туралған ет,  
Ақ бауырсақ шашылған.  
Астан үлкен кім бар дейсің,  
Ашу сосын тасынған.

Тұрып қалды қуғыншылар,  
Мыджылаған күн бетін.  
Мұндай жағдай құм ішінде  
Бола бермес күнбе-күн.  
Жазылмаған дала заңы,  
Ас тұрғанда алдыңда  
Тізгін тарту,  
Ауыз тию міндетің.

---

Ас алынды, сосын қымыз тартылды,  
Сый-сияпат көрсетеді парқыңды.  
Ас аяқтан аттап кету масқара.  
Ашу кернеп гүрса дағы алқымды.

Содан кейін бас түрікпен сөз алды,  
Ақ дастархан, тау бауырсақ көз алды.  
Айту қиын, қайту қиын мұндайда,  
Үнсіз тұрды. Бір қызарып, бозарды:

«Көшкен елміз,  
Оған куә даламыз,  
Ат үстінде қартаяды баламыз.  
Дәмін гатқан қандас еді,  
Енді қайтып шабамыз.  
Шулатқанда бейбіт елді  
Не абырой табамыз.  
Келер күнге қарабет боп қалармыз.  
Осылай деп айтып кеткен бабамыз».

Қуғыншылар кейін бұрды ат басын,  
Бұл кесімге ешкім енді тақпас сын.  
Көшкен елдің, өскен елдің баласы,  
Санасында болған жайды сақтасын.

Ер шешімдер болып тұрған далада,  
Ер жүректің ерен ісін шамала.  
Ет жүрегім елжіреді еріксіз,  
Есте мәңгі, естимісің Жан Ана.  
Елің тәнті, естимісің Жан Ана.

Ұлы істердің Ана бастау-бұлағы,  
Ұлы жүрек ұлы күннің шуағы.  
Жаулығына жанын түйген балам деп

Көз алдыма апам келіп тұрады,  
...Көш-керуен қырдан асып ұзады.

---

## ҚОШТАСУ

Хабарың жоқ,  
Телефон да тып-тыныш,  
Жаулап алды беймәлім бір өкініш.  
Алу қиын, алысуга дәрмен жоқ,  
Сен күмәннан соғып қойған бекініс.

Өзгереді жүйрік заман, адам да,  
Баламасаң болғаны тек жаманға.  
Өткен күндер өшіре алмай бейнеңді,  
Сағыныштан сыймай барам ғаламға.

Жылауық күн,  
Көктем, әлде күз бе еді,  
Жоғалғым да сәл кешірек іздедім.  
Үнсіз тұрдық,  
Шығарып сап соңғы рет,  
Аспандағы тырналардың тізбегін.

Менің үшін едің жаным таң шығы,  
Жасаураған жанарларың жаншыды.  
Бұрылдым да кете бардым,  
Амалсыз,  
Көрмеу үшін ағып түскен тамшыны.

## АУЫЛДАҒЫ КӨКТЕМ

Аға ма екен жылғалар баяғыдай,  
Сағындым ғой ауылым, баяндым-ай.  
Ақ көбік боп су тасып Қотыр-таста,  
Қарасу үй шетіне таянды ма-ай.

Жалғыз тал бұрынғыдай мәуелі ме,  
Әлде ол да жылдарға тәуелді ме?  
Балам жігіт болды енді,  
Жайқалатын.  
Әкем жігіт болғанда,  
Әуеліде.

Алыс баздан ағылып, бұратылып,  
Жылақы суға құлайтын шұбатылып.  
Жүген алып жүтіріп шығатынбыз,  
Суға қанып болғанша тұра-тұрып.

Айдыны жалтыраған Қос-қарасу,  
Өсірген жегілдіріп құс баласын.  
Қара бала жүр ме екен жағалауда,  
Жалаң аяқ, күйдірген күнге шашын.

Тал-теректің арасы көк бүлдірген,  
Тікенекті талғамай көп жүргізген.  
Күні бойы Електе балық сүзіп,  
Кешкі самал әдилеп көз ілдірген.

Мортық сайға жаяулап келу арман,  
Қойдан бұрын көк жидек теру арман.  
Мортық сныр бұл сайда бұзау ертіп.  
Баспақ қылып ауылаға ертіп барған.

Сағындым ғой, қараған-жусандарым,  
Көктем келіп Көк-бөктер бусанғаным.  
... Жасыа көйлек киіп-ап жастық шағым,  
Жеткізбейді жүйрікпен қусаң-дағы

---

## ҮМІТ

Әрбір халық, әрбір қилы заманда,  
Жақсы көсем армандаған әмәндә.  
Сұраганның сүйген асын кім берген,  
Битке өкпелеп шекпенімді жағам ба?

«Қарағайға қарсы бұтақ» бітіп гүр,  
Салғандары суармай-ақ бітік тұр.  
«Иір бұтақ» қарт еменде бүр жарса,  
Ирелең жол, алдыңда не күріп гүр?

Халық айтса қалыс айтып көрмеген,  
«Қамыс басын қалтырағар жел» деген.  
Махамбеттер қарсы жүзіп не тапты,  
Талай таңын атырғанда шерменен.

Халқым аман, елім тыныш не керек?  
Қой үстінде мекендеген көбелек.  
...Үміт артып тағы бір таң атады.  
Қар аралас қара жаңбыр себелеп.



---

## ТАҒЫ БІР КӨКТЕМ

Жүрекпен сезіп өкпек жел үнін,  
Жаурады жаным, өкпелі гүлім.  
Тағы бір көктем толассыз жаңбыр,  
Тағы бір жылдың өткенін білдім.

Балалық шағым, бұлаң кездерім,  
Қайда жүрсіңдер бұраң белдерім?  
Қырмызы күндер қызыл тұлкідей,  
Байқамай қалдым бұлаң бергенін.

Сағыныштарым, сағым күшқаным,  
Жалыныштарым, жанып ұшқаным.  
Жоғалтып алдым, жабығып қалдым,  
Сарыны билеп сабылыстардың.

Сығалай берсін жақтаудан күдік,  
Тағы бір көктем, тағы да үміт.  
Хабарсыз қалған сол бір жұмбақ жан.  
Қарсы алар ма екен алдымнан шығып.

О, менің биылғы ғайып көктемім,  
Осы сәніңнен тайып кетпегін.  
Өзіңнен шығып, өзіңе жетем,  
Жылап та алам, айып етпегін.

## ҚУАНА БЕР, ӘКЕ!

Қуана бер әке, енді мен де өзіңдей әкемін,  
Болашағы жарқын болсын атын ага  
бөпеңнің.  
Мен де өзіңдей әр күнімді жанұшырып  
өткізіп,  
Мен де өзіңдей кей күндері гөй-гөйлетіп  
кетемін.  
Енді ғана сезгендеймін алар орнын әкенің.  
Кей-кей жерде мен де өзіңдей қатты кетем,  
білемін.  
Кей кездерде тартқан жүктен шаршағандай  
білегім.  
Өңменімнен итергенде ауырығандай  
жүрегім,  
Аңсағанда, шаршағанда, өзің барсың –  
тірегім.  
Қапаланба сен де әке, қабыл болсын  
тілегің.

Тауқыметін тағдырыңның тартып әк  
жүрсің бе?  
Талайына жазылғанын татады екен кім-  
кімде.  
Талайларға арман болған таттың дәмді  
бұл күнде,  
Озымыптан оза шабу бұл жалғанда  
мүмкін бе?  
Жақсы ісіңнің жалғасы бар, күрсінбе әке,  
күрсінбе.

---

Бәрін тастап бір күндері қасыңа әке  
жетемін.  
Көк шалғанда жоталарды, төбелерді  
етегін.  
Қатар тұрып шөп шабуды армандадым  
неше мың,  
Баудай түскен көк шалғында аунмадым  
неше күн.  
...Шаршап келсең қою шайы дайын еді  
шешемнің.



---

## ҰМЫТА КӨРМЕ

Ұмыта көрме, мен сен деп өмір сүргенмін,  
Жабығып кейде, қуанғанмын да күлгенмін.  
Топан су қаптап қара жер бетін кетсе де,  
Қалайды жаным, өзгермейтінімді білгенің.

Сағыныш күндер айналып кетті сағымға,  
Сары күз келді сары-ала сырға тағынған.  
Санамда менің сақталып қалған секілді,  
Сабылыс күндер айырған бізді сабырдан.

Сұлу бақ қалды, көмкерді ақ қар етегін,  
Сұлулықтардың шынымен соры екі елі.  
Сары гүл өскен сайларым қалды қаңырап,  
Сезіндім сенсіз жалғанның мәнсіз екенін.

## ТАҢ САМАЛЫМ

Көрмеймін деп, ермеймін деп ойлап едім  
сөзіңе,  
Көнбеймін деп, сенбеймін деп ойлап едім  
көзіңе.

Бекер екен, қайда кетем?  
Сенсіз менде тыным жоқ.  
Шуағыңмен аймалашы күнім боп.

Есіңде ме?  
Шешілгенде,  
Айтылатын қалмай сыр.  
Сағынғанда сол күндерді, қиналарсың  
ойлай жүр,  
Жүйрік жоқта бәйге алар қорадағы  
жабылар,  
Бірақ жаның аңсағанын, таң самалын  
сағынар.

Қатты жауып кете бардың қарайламай  
артыңды,  
Ұнатамын сенің осы тәкаппар бір  
қалпыңды.

Тек алқымды,  
Тек алқымды жас алады қарқынды.  
Қиын екен бағаламау парқыңды.

Телефонның қоңырауы мазаны алды, сен  
емес.  
Хабарлама келіп жатыр, тек сен емес –  
құр елес.

Жырақ тұрдың.  
Жылап тұрдым кең әлемге сия алмай.  
Шаттық күндер,  
Бақыт түндер,  
Өтті деуге қия алмай

## ТУҒАН КҮН

Татып дәмін,  
абақтамын,  
Мені құдай жаратқан күн.  
Басқан бір мұң,  
Басым дың-дың,  
Буы ма екен шараптардың.

Әкеліңдер,  
Көтеріңдер,  
Тағы осындай күн бар ма?  
Обал-ақпыз,  
Жоғалармыз,  
Із де қалмай құмдарда.

Мені іздесең,  
Көз ілмес-ем,  
Таң атқанша осылай.  
Өтті күндер,  
Кетті кімдер,  
Сағындым-ғой Досым-ай.

Жақұт мүсін,  
Бақытты шын,  
Әдемі қыз биледі.  
Нені ұқты?  
Өте шықты.  
Кірпігімен түйреді.  
Аттай тулап,  
Оқтай зулап,  
Өмір өтіп барады.  
Алыс-жұлыс,  
Қайтсең дұрыс,  
Артымда не қалады..?

---

## 8 МАРТ

Қырық жас қалды, елуге енді таяуым,  
Басылды аптық, дауысым бәсең, баяу үн.  
Сегізінші мартта бір гүл де саған сыйламай,  
Боз өкпе болдым, кешірші мені Аяулым.

Көлгірсігендер білесің менің қас жауым,  
Гүл ғана емес барлық сезімнің бастауы.  
Бір ауыз сөзбен бақытты ету қолыңда,  
Айтылған бір сөз жаныңды мүмкін  
ластауы.

Кешіре алмай, өшіре алмай көңілден,  
Өтермін бе екен өлшеусіз мен де өмірден.  
Жарақат алған жанымды кел де жазып ал,  
Жаралған жоқ қой жүрегім менің темірден.

---

## ДОСЫМА ТІЛЕК

*Туған күнінде мені мақташы деген досыма әзіл*

Сен бақыттысың,  
Қайдан ұстап алғансың бақыт құсын.  
Бес бие сабасындай бәйбішең бар,  
Қыз еді ғой кешегі жақұт мүсін.

Сен азаматсың,  
Жабы емес жауға мінер қазанагсың.  
Ағыл-тегіл, көл-көсір дастарханың,  
Айтқан тілек май болып саған жақсын.

Сен бірбеткейсің,  
Сонда да дос көңілін кірлетпейсің.  
Біреулерге бірдеңе беріп пе едің,  
Әйтеуір естерінен бір кетпейсің.

Сен нағыз қазақтың батырысың,  
Он жылда бір қонаққа шақырыпсың.  
Көп болды көңіліңді көрмегелі,  
Керек болсам келер деп жатырмысың.

...Тесік болар тері де ыса-ыса,  
Көзім тиіп кетпесін тфа-тфа.



---

## ҰЯТСЫЗ ЖАНЫМ

Неге жазам өлеңді, керегі не?  
Жаратпаса ешбір жан керегіне.  
Сыртқа атылып тұрады, ішімдегі от,  
Алқымымнан алады, келеді де.

Кімге оқырын бләмемін жазамын да,  
Өзім ғана төзетін азабына.  
Өлең шіркін жүректің жарығы ғой,  
Жарық шашып жүргендер жазады ма?

Өліп-өшіп жазғаным кімге керек?  
Ойламаңыз, қуғам жоқ тілге дерек.  
Бір адам тауып алса өз керегін,  
Бір адамға жұбаныш болсам деп ек.

...Өмір, сенің сырыңды ұта алмадым,  
Адам, сенің ойыңнан шыға алмадым.  
Тағы жазып жатырмын, ұят болды,  
Кешіріңдер, ұятсыз шығар жаным.

---

## «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫНА АШЫҚ ХАТ

Тал-теректей кесілген бұтақтары,  
Кітап жоқта жабырқап жұтақтадым.  
Таратуға бір күні келді реті,  
Соңғы шыққан Шаханов кітаптарын.

Жаса елім мекені алыптардың,  
Алтыннан мүсін құяр қалыптардың.  
Алты Алаш әдидеген ағамыздың,  
Он кітабын газетке алып бардым.

Неге керек жазғаның, ел көрмесе,  
Құр желік, желкеніңді жел көрмесе.  
Ұлттық сезім, ұлт жаның, ұлы ісің,  
Ұлтыңның жүрегінде тербелмесе.

Сұйық сөзге қашаннан аз құштарым,  
Өтіп жатыр қаламмен жаз, қыстарым.  
Тастап кеттім газеттің ұжымына,  
Ортасы деп ақын мен жазғыштардың.

Бір соққанда кәмпит пен шарап тұрды,  
Тағы бірде айна мен тарақ тұрды.  
Мен әкелген ақынның кітаптары,  
Жетімсіреп сөреден қарап тұрды.

Бір кітапты біреуі қарамапты,  
Өзі парқын өздері бағалапты.  
Есепке жүйрік болар, бір қарындас.  
Қанша пайда түсерін санап жатты.

Оқымаса Мұхтарды, Қасымдарды,  
Мұқағали, Жүмекен асылдарды.  
Елге қалай айтады ер жайында,  
Қалайша оятады жасындарды.

---

Газет елдің ұяғы, шарайнасы,  
Елің сеніп тапсырды, абайлашы?  
«Қарашада қара үй гүр», содан шықтың,  
Арт жағыңа ағайын қарайлашы?



---

## ҚАРА МЕҢДІ

Қарындасым, қалқам-ай, қара меңді,  
Қиылған қас, қолаң шаш, бұраң белді.  
Қоштасатын кез келді, қош аман бол,  
Қол үзіп мен өзіңнен қалам енді.

Қылаң берген қиядан құралайым,  
Қоштасарда қалайша жыламайын.  
Қиялымның ақ тамақ қарлығашы,  
Қанырыа деп қайтадан сұрамайын.

Қимастықпен жолыңа қарайладым,  
Қайда бастап барады Арай-таңың?  
Қарайлама артыңа қарлығашым,  
Қайта соққан дауыладан абайлағын.

Қамсыз жүрген қайран менің күндерім?  
Қансыз жүрек соғады, құр сүлдері.  
...Қараша қаз сұңқылдап ұшып келді.  
Қардан кейін құлпырды қыр гүлдеді.

---

## ӨЛЕҢ ЖАЙЫНДА

Қашаңғы қастарыңда жүреді екем,  
Ойым орман, қалғанын жүре көрем.  
Өлеңмен ұштастырған өмірімді,  
Өлең жазып отырып бере берем.

Мүмкін бір күн жарармын керегіңе,  
Бойладың ба жанымның тереңіне?  
Бір күн біреу жанына азық етер,  
Әр сөзім өткен сезім елегінен.

Бәз біреулер аяусыз сөгер ме екен,  
Бар бәлені басыма төгер ме екен?  
Олар да мен сияқты қалам алып,  
Мен сияқты қиналып көрер ме екен.

Бар байлығым білсеңдер, өлеңдерім,  
Бір күні уақыт айтар көлемдерін.  
Жүрегімнің жылуы, жанашырым,  
Жыласам да, күлсем де көгендедім.

Менен асқан бай бар ма айналаңда,  
Мінбелерден салмадым байбаламға.  
Дос-жаран, ағайыным – өлеңдерім,  
Сеніміңе сендердің сай болам ба?

---

## ОЙЫЛЫМ

*Біраз уақыт дәмдес болған Ойыл азаматтары-  
на сыйластық көңілден*

Ойылып аққан Ойылым,  
Қиылып аққан Қиылым.  
Тұйығып жатқан тұнығым.  
Бұйығып жатқан биігім.

Сыңғырлап аққан бұлағың,  
Сыбдырлап жатқан құрағың.  
Сары гүл жапқан етегің,  
Сабырлы менің мекенім.

Шоршыған суда сазаны,  
Сұңқылдап салған қаз әні.  
Көрікті неткен келбеті,  
Аққулар жүзген көл беті.

Құм басып қалған Жібек жол,  
Күн ғашық болған Жібек жол.  
Ойылды кескен Жібек жол.  
Ойылда өшкен Жібек жол.

Байұлы менен Кетенің,  
Байырғы Атамекені.  
Баспана етіп келгендер,  
Байқамай байып кетеді.

Төскейде малың жосылсын,  
Төсекте басың қосылсын.  
Ойылым – ойы өлкенің,  
Ойылым өссін өркенің.

---

## ОЙЫЛ - КӨПТОҒАЙ ЖОЛЫ ҮСТІНДЕГІ ОЙ

Кездесеміз Ойылдың жағасында,  
Қиыл келіп қосылған сағасында.  
Сарсаң көңіл сергіп бір қалатындай,  
Тобылғы мен изеннің арасында.

Фрекше бір қонақжай жігіттері,  
Осынысын сен бұрын біліп пе едің.  
Алып ұрып марқасын, мәз болады,  
Тулаған сазанындай шіліктегі.

Бар шаруасын қалдырып сейсенбіге,  
Уақыт тоқтап қалады дүйсенбіде.  
Қонақ болсаң қараусыз қалдым дей бер,  
Шақырусыз сол күні кірсең үйге.

Қара жол қанат беріп қиялыңа,  
Тура гартсаң шығасың Миялыдан.  
Көптоғайда көп тұрды бір келіншек,  
Жолды кесіп өтуге ұялды ма.

Суық шалса көктемде, қысты күні,  
Ойылға бар, ем болар ыстық құмы.  
...Үркіп қашқан қой шықты

алдымыздан,  
Қырқылапты әлі де қыстық жүні.

---

## АЙ-АРУ

Ай-Аруым, аруым, Ақбөкенім,  
Жаңа білдім өмірдің тәтті екенін.  
Өзіңменен әр түнім сырға толы,  
Өзіңменен әр күнім сәтті екенін.

Ай-Аруым, сары ауыз балапаным,  
Арай шашып ататын дара таңым.  
Ніскетші атаңа гамағыңнан,  
Сүп-сүйкімдім, топ-томпақ алақаның.

Ай-Ару, әжесінің ойыншығы,  
Жүрегімді жібітті, ойын-шыным.  
Жарағқаннан жалынып сұрап алдым.  
Бар қызығым, мерекем, тойым бүгін.

Ай-Ару, апасының көбелегі,  
Жеп-жеңіл, желпілдеген ебелегі.  
Сен жоқта қалай өмір сүрдім екен,  
Дәл өзіңдей мен кімге керек едім.

Нағашылар қарайды көзге іле,  
Бір ұқсастық іздейді өздеріне.  
Атаң емес адамның баласы бол,  
Ұят тұрсын әрқашан көздеріңде.

Көз тиіп кетпесін деп қорқамыз да,  
Күйе жағып қоямыз жорта қызға.  
Өмірімнің жалғасы, жапырағым,  
Аман-сау жүр немерем ортамызда.



---

## НАУРЫЗ КЕЛДІ

Наурыз келді көп күткен біз сағына,  
Ару-көктем отырды өз тағына.  
Жер-Ана тіршілікті тербетіп тұр,  
Бар әлемді сыйдырып құрсағына.

Теңеседі күн мен түн бір-ақ күнге,  
Таң атқанша билейді бір-ақ түнде.  
Күн кетеді ұзарып ертеңгісін,  
Қоштаспайды қос ғашық, бірақ мүлде.

Өкпе-наздың, араздықтың қас жауы,  
Наурыз барлық жақсылықтың бастауы.  
Жаңа күннің, жаңа үміттің жаршысы,  
Тіршіліктің тірі екенін растауы.

Наурыз көже – молшылықтың белгісі,  
Әдет-ғұрып, ар-намыстың жеңісі.  
Жырға толды, күйге толды еліміз,  
Наурыз күні көкпар тарту Ер ісі.

Көшпенділер, жапондар, парсы кеткен,  
Бар мұсылман әлемін тәнті еткен.  
Бес мың жыл, тіпті одан да асып кетіп,  
Әлімсақтан басталып бізге жеткен.

Наурыз, Наурыз!  
Жаңардым өзіңменен,  
Өзің гой сезіміме сенім берген.  
Еңселі ертеңімнің есігі ашық,  
Ертеңгі күн басталсын сеніменен.

---

## ӘКЕМНІҢ ҚАБІР БАСЫНДА АЙТҚАНЫ

Ел-жұртың келіп арнауда саған батасын,  
Қош енді қош бол, балаларымның апасы.  
Жазымыштан озымыш озып кеткен бе,  
Осылай болды, осында енді жатасың.

Сен артқан жүкті жеткізу үшін әріге,  
Жүре тұрамын жұмыр жер басып әлі де.  
Күре тамырым үзіліп кетті, білесің,  
Шарамыз бар ма көнуден басқа бәріне.

Зымырап аққан заманың неткен қас-қағым,  
Өзіңе сеніп күйттемеппін де бас қамын.  
Осыған ғана жағдайым жетті, риза бол,  
Басыңды сенің темірмен қоршап  
тастадым.

Тас бауыр қозы маңырар-дағы оттығар,  
Өзіңдей қамқор балаларыңа жоқ шығар.  
Жетім жыласа періште налыр көктегі,  
Ілігіп кетсе жапырақ жаяр көк шынар.

Кем дүние. Кеш ұқтым бәрін, кешіргін,  
Тас түйін едім, көңілім босап шешілдім.  
Қарайлай бердім сен асып кеткен белеске,  
Өтпестей болған, келмеске кеткен есіл  
күн.

Шаттықты маған сыйлады сенің етегің,  
Сағым күндерді санамда сақтап өтермін.  
Таусылған күні тартылған тары-талқаным,  
Қасыңа сенің бір күні мен де жетермін.

1974 жыл

---

## ӨТІНІШ

*Расул Гамзатовтан*

Өтінемін сендерден,  
Сұранамын,  
Аналарың ешқашан жыламасын.  
Құлағың сап қайғы салып жүргендер.  
Өз-өзіңді кешіре алмай жүрмеңдер.

Өреклиді жүрегім ашық күнде,  
Айқай салам, оянам кейбір күнде.  
Анам мені шақырып жататындай.  
Құлыным деп маған тіл қататындай.

Қаумалаған мені бүгін,  
Жарандар,  
Жылағаннан басқа қандай шараң бар.  
Өз анаңның дауысы тәтті жырдан да.  
Қадірлеңдер,  
Сәл кешікпей тұрғанда.

---

## НӘЗІКТІК

*Владимир Дагуровтан*

Реактивті ұшақтың гүрілінен,  
Ағыс-шабыс, бульдозер дүрілінен.  
Қиын емес естілмеу,  
Керек төзім,  
«Сүйем» – деген қорғансыз жалғыз  
сөзің.

Мегатондық жарылыс толқындары,  
Алақ-жұлақ киноның жойқындары.  
Сездірмейді жарыңның алақанын,  
Құрбан еткен сен үшін дара таңын.

Жаныңның нәзіктігін жасырып-ап,  
Әдейі, кейде орынсыз, асығып-ақ,  
Көп күлеміз қарқыдап, жылап тұрып.  
Айқайлаймыз біз үнсіз, жырақ тұрып.

Бет пердені алып тастап, бірақ та,  
Ар алдында, басқа елде, жырақта,  
Ішімізде бұлқынады,  
Тыржалаңаш нәзіктік,  
Жас сұлудай күнә артар,  
Жарықтық.

---

## СЕН ЖАНЫМДА ЖҮРГЕНДЕ

*Ксения Некрасовидан*

Сен жанымда жүргенде,  
Сен қуанып күлгенде.  
Ұмыт қалды айыбың,  
Жүрегіммен байыдым.

Күн көзінен ашылған,  
Жұлдыз көрдім шашылған.  
Аяқ асты, қимаймын,  
Жапырақты сыйлаймын.

Жеп-жеңілмін ауадай,  
Сұлу болам даладай.  
Ал сен гүрсың жанымда.  
Сабыр жүрек дамылда.

Сүйесің бе? Гүлдеймін.  
Сүймейсің бе? Білмеймін.

## ЕШҚАШАНДА, ЕШНӨРСЕГЕ, ӨКІНБЕНДЕР АРТЫНАН

*Андрей Дементьевтен*

Ешқашанда, ешнөрсеге, өкінбелдер  
артынан,  
Ескі хаттай жыртып таста, қала берсін  
қалпында.  
Өткен істі өзгертуге шара енді болмаса,  
Үзіп таста аясыз жіпті,  
Өр көңілің толмаса.

Ешқашанда өкінбелдер,  
Болған істе шара жоқ.  
Енді қайтып болмайтыңға,  
Өтті-кетті дауа жоқ.  
Көздей көңіл арнасында,  
шүнілдесе – толғаны.  
Ақ үміттің ашпақ құсы шарықтаса болғаны.

Жан жылуың, ет қызуың жақыныңа төге  
көр,  
Мысықалдасың, күле берсін,  
Қайтесін сол көне бер.  
Біреуі бай, бәз біреуі бастық болды жетелі,  
Өкінбелің,  
Оз қайғысы өздеріне жетелі.

Ешқашанда, ешқашанда, өткен іске өкінбе,  
Кеш бастадың, ерте кеттің, бәрі-бәрі  
есімде.  
Басқа біреу сырнайлаптың әлемі ән салады.  
Бірқашан сенің нәзік жүрегіңнен алады.

Ешқашанда, ешқашанда, өткен іске өкінбе.

---

Кеткен күн де, махаббат та,  
Бағынбайды өкімге.  
Басқа біреу сырнайлатып әдемі ән салады.  
Бірақ сіздей тыңдаушыны енді қайдан  
табады.



---

## МАХАББАТ ІЗІ

*Мамед Исмаилдан*

Қатал тағдыр шаштарыңды әурелеп,  
Аппақ қырау самайыңмен ойнайды.  
Бала-шаға ер жетеді мәуелеп,  
Ең алғашқы махаббатты бірақ та,  
Мәңгілікке ұмытуға болмайды.

Ұмытуға болмайды, жылдар өтсін,  
Орман шулап, сарыны тырналардың  
сыр ұқтырды.  
Бізді көрген көршілер іштей сөксін.  
Басқа да құбылыстар ұмыттырды.

Ала алмадым жарықшақ,  
Қатып кетті,  
Қыс та өтті, жаз өтті сыз қалдырып.  
Тас лақтырдым тұныққа, батып кетті  
... Дөңгелектер барады із қалдырып.



---

## ЖЕТПІСТЕГІ ЖАНАР ТАУ

*Мұхтар Шахановқа*

Өтеді өмір, бірде ыстық бірде ызғармен.

Адамның жасы өлшенбес бірақ

жылдармен.

Түңіліп кейде жиырма бестегі кемпірден,

Жарасар сөзің жетпіс бестегі қыздармен.

Жігіттер бар сексен бестегі. Санасы,

Жиырма бестегі шалдардан артық шамасы.

Жылуын жанның жоғалтып алып

сорлаған,

Жиырма бестердің көзінің отын санашы?

Сыр беріп шашым, маңдайға әжім

орнасын.

Заңдылық бәрі – екі жиырма бесте

болғасын.

Адамды сүйген жүрегім менің – боз бала,

Адамзат әнін, парасат әнін толғасын.

Жетпіс дегенің – жағасы жайлау ақ бас

шың.

Батасын алмай атпайды таң да, батпас күн.

Жетпіс жасыңда жанар тау болып атылдың,

Жасына жетпей қартайғандардан

сақтасын.

## МАЗМҰНЫ

Ауылда жүрмін.....	4
Толғау.....	6
Елес.....	8
Сағынамын әкемнің алақанын.....	9
Жеңгеме.....	10
Шет елдердегі бауырларға.....	11
Тал бесік.....	12
Қайрат Рысқұлбековтың рухына.....	13
Есет батыр кешені жанындағы ой.....	15
Тілек.....	16
Маңғыстау.....	17
Махамбетпен тілдесу.....	19
Сағынып жүрсің, білем.....	20
Уақытым аз.....	21
Туған жер, құшағыңа алшы мені.....	22
Кім кінәлі.....	23
Қараусыз қалды гүлдерім.....	25
Туған жер – тірегім.....	26
Кездесу.....	27
Шашу.....	28
Күтіп ал.....	29
Қуанышым сен.....	30
Тәуелсіздік таңы.....	31
Кіндігімді кескен жер.....	33
Ақтанау.....	34
Наридірген.....	39
Табыт жыры.....	43
Алдыңда сенің бас имен.....	44
Жетім гасыр.....	46
Балапан қаз.....	48
Ауылдағы үй.....	49
Соңғы қоңырау.....	50
Іздедім сені.....	51

Жекімеші балама.....	52
Қалған көңіл.....	53
Жақсы ана.....	54
Қоштасу.....	60
Ауылдағы көктем.....	61
Үміт.....	62
Тағы бір көктем.....	63
Қуана бер әке.....	64
Ұмыта көрме.....	66
Таң самалым.....	67
Туган күн.....	68
8 март.....	69
Досыма тілек.....	70
Ұятсыз жаным.....	71
«Ақтөбе» газетінің ұжымына хат.....	72
Қара меңді.....	74
Өлең жайында.....	75
Ойылым.....	76
Ойыл - Қоптоғай жолы үстіндегі ой.....	77
Ай-Ару.....	78
Наурыз келді.....	79
Әкемнің қабір басында айтқаны.....	80
Өтініш.....	81
Нәзіктік.....	82
Сен жанымда жүргенде.....	83
Ешқашанда, ешнәрсеге өкінбеңдер артынан.....	84
Махаббат ізі.....	86
Жетпістегі жанар тау.....	87

---

# ӨТЕГЕН НҰРМАҒАМБЕТОВ

## ҮМІТ

### Өлеңдер

Редакторы Ә. Оспан  
Корректоры Қ. Нұрмаханова  
Көркемдеуші редакторы Н. Бекентұрова  
Техникалық редакторы Н. Сүйеубекұлы

ИБ № 582

Теруге 6. 11. 2013 ж. жіберілді. Басуға 12.11. 2013 ж.  
қол қойылды. Пішімі 60x70<sup>1/16</sup>. Әріп түрі "Times New  
Roman". Көлемі 5. б. т. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 389

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
Жангелдин-Мұхамеджанов көшесі, 30/ 26.  
"ҚАЗАқпарат" баспа корпорациясы  
Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62  
Эл. пошта: Kazakparat@inbox.ru

"ҚАЗАқпарат" баспа корпорациясының  
баспаханасы



еген  
РМАҒАМБЕТОВ



# ҮМІТ

ні өткен, құны кеткен,  
белдеудегі бестінің.

к асты айтқандары,

сұтаңдаты естінің.

тәуінса тәйтұяқын бағасына

тығасын,

ағалықпен батырдың қам.

ының кім, білін кім.

ба-шектіңнің көрсеткен.

ай-ың ерлік әйелін тұл.

ыраққа тазамааттық.

парасаттық биігің,

іланбасақ,

лер күнде - әнің зарлы, күйің

мұң.